

«Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы Қостанай өңірлік
университеті»

КЕАҚ
ШЕШІМІ

Ғылыми кеңестің
27.09.2023 ж.
Қостанай қаласы



НАО «Костанайский
региональный
университет имени Ахмет
Байтұрсынұлы»
РЕШЕНИЕ
Ученого совета
№12
город Костанай

Басқарма төрағасы-ректор С.Б.Қуанышбаевтың «Есепті кезеңдегі университет ұжымы жұмысының қорытындысы және 2023-2024 оқу жылына арналған міндеттер» баяндамасын тыңдап, талқылай келе, Ғылыми кеңес өткен оқу жылында университет ұжымы өңір үшін кадрлар даярлаудың жетекші орталығы ретінде университетті ілгерілету бойынша елеулі жұмыс жүргізгенін атап өтті.

Сонымен қатар, талдау көрсеткендей, университеттің қаржылық жағдайын түбегейлі жақсарту және негізгі процестерді жаңғырту, талант-менеджмент жүйесін дамыту, экономикалық жоспарлауды тиімді ұйымдастыру, білім алушылар контингентін қалыптастырудың жаңартылған саясаты, оқу-тәрбие процесін, білім беру бағдарламалары менеджментін және ғылыми қызметті ұйымдастыруды жақсарту талап етіледі.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, ғылыми кеңес

РЕШИЛ:

1. Басқарма төрағасы-ректор С.Б.Қуанышбаевтың «Есепті кезеңдегі университет ұжымы жұмысының қорытындысы және 2023-2024 оқу жылына арналған міндеттер» есебі бекітілсін.

2. Түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін білім беру бағдарламаларын жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру, білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуды өңірлік еңбек нарығының жаңа сын-қатерлерін ескере отырып, форсайт-зерттеулер негізінде жүзеге асыру.

Академиялық қызмет басқармасының бастығы
2024 жылғы 1 сәуірге дейін

3. Қосымша білім беру бағдарламаларының (Minor) мазмұнын кәсіби емес құзыреттерді қалыптастыру тұрғысынан қайта қарау.

Академиялық қызмет басқармасының бастығы,
академиялық комитеттер
2024 жылғы 1 сәуірге дейін

4. Жылына 2 рет орындалу мониторингімен ҒЗЖ негізгі көрсеткіштері бойынша жоспарлы тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету.

Педагогикалық институттың директоры,
факультет декандары, кафедра, зертхана
меңгерушілері, ғылым және коммерцияландыру
басқармасының бастығы
Жыл сайын желтоқсан және маусым айларында

5. Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚӨУ түсу үшін Қостанай облысының мектептері мен колледждерінің түлектерін барынша тартуға бағытталған кәсіптік бағдарлау жұмысын жүйелендіру.

Академиялық мәселелер жөніндегі Проректор,
педагогикалық институттың директоры, факультет
декандары, кафедра меңгерушілері

2024 жылғы 25 мамырға дейін

6. Шетелдіктер үшін тартымды ағылшын тіліндегі білім беру мазмұны мен білім беру бағдарламаларын, ағылшын тілін меңгерген оқытушылар мен әкімшілік қызметкерлерді даярлауды көздейтін оқытуды интернационалдандыру бойынша ұзақ мерзімді кешенді жол картасын әзірлеу.

Зерттеулер, инновациялар және цифрландыру
жөніндегі Проректор, халықаралық
ынтымақтастық бөлімінің бастығы

Желтоқсан, 2023 жыл

7. Университеттің құрылымдық бөлімшелерін одан әрі автоматтандыру үшін "Platonus" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде "электрондық ведомости" модулін алу қажет.

Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және
сүйемелдеу бөлімінің бастығы, құқықтық
қамтамасыз ету және Мемлекеттік сатып алу
бөлімінің бастығы, қаржы-экономикалық
қызметтің бастығы

Қаңтар, 2024 жылғы

8. Педагогикалық бағыттағы түлектер үшін ҰБТ рәсімдеріне дайындықты ұйымдастыру, сондай-ақ тестілеуге барынша қатысуды қамтамасыз ету.

Педагогикалық институттың директоры,
педагогикалық институттың кафедра
меңгерушілері

Жыл бойы

9. Мектеп педагогтары мен колледж оқытушыларының біліктілігін арттырудың бейіндік курстарын әзірлеу және өткізу.

Академиялық мәселелер жөніндегі Проректор,
үздіксіз білім беру институтының директоры

Желтоқсан, 2023 жыл

10. Өндірістен қол үзбей, сыртқы тапсырыс берушілер үшін әртүрлі бағыттар бойынша біліктілікті арттырудың онлайн курстарын әзірлеу.

Үздіксіз білім беру институтының директоры

Желтоқсан, 2023 жыл

11. Халықты бейресми білім туралы хабардар ету, үздіксіз білім алуға тарту, жалпы және цифрлық дағдылар деңгейін арттыру.

Үздіксіз білім беру институтының директоры,
медиа орталық

Жыл бойы

12. Студенттік жастардың мәселелерін жедел шешу, олардың әлеуметтік белсенділігі мен пайдалы бастамаларын дамыту үшін «Естуші университет» қағидатын іске асыруда Студенттік Парламентке жан-жақты қолдау көрсету қажет

Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі проректор
Жастар саясаты басқармасының бастығы
2023-2024 оқу жылы ішінде

13. Осы шешімнің әрбір тармағының орындалуы туралы ақпарат ғылыми кеңестің отырыстарында тыңдалсын.

Ғылыми кеңестің хатшысы,
шешімнің әрбір тармағын орындау мерзімі
аяқталғаннан кейін бір ай ішінде

14. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми кеңестің хатшысы



М.Хасанова